

## 2015 жылға жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 шілдедегі № 227 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 01 қыркүйекте № 3284 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 37-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы №4-1/168 "Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылға арналған жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормалары бекітілсін.

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ғ.И.Дүйсембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

\_\_\_\_\_ А. Мамытбеков

2015 жылғы "24" шілде

Б. Измұхамбетов

## 2015 жылға жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормалары

Жеміс дақылдарының түрі	Отырғызу сызбасы	Отырғызу және өсіру шығындары (1 вегетация), тенге								2 вегетация, тенге		3 вегетация, тенге		4 вегетация, тенге	
		Барлығы	Субсидия нормасы, (40%)	соның ішінде сатып алуға:						Барлық шығындар	Субсидия нормасы, (40%)	Барлық шығындар	Субсидия нормасы, (40%)	Барлық шығындар	Субсидия нормасы, (40%)
				Көшеттер 1 га	Субсидия нормасы, (40%)	Тамшылатып сұғару жүйесі	Субсидия нормасы, (40%)	Басқа да шығындар	Субсидия нормасы, (40%)						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Алма, алмұрт	8x6, (208 дана)	1 491 450	596 579	312 500	125 000	310 800	124 320	868 149	347 259	73 327	29 330	72 547	29 018	75 555	30 222
Алма, алмұрт	8x5, (250 дана)	1 558 237	623 294	375 000	150 000	310 800	124 320	872 437	348 974	73 791	29 516	73 115	29 246	-	-
Алма, алмұрт	8x4, (313 дана)	1 658 367	663 346	468 750	187 500	310 800	124 320	878 817	351 526	74 486	29 794	73 955	29 582	-	-
Алма, алмұрт	5x3, (667 дана)	2 288 076	915 230	1 000 000	400 000	370 000	148 000	918 076	367 230	78 531	31 412	78 746	31 498	-	-
Шие, өрік, сары өрік,	5x4, (500 дана)	2 056 684	822 673	750 000	300 000	370 000	148 000	936 684	374 673	107 090	42 836	71 946	28 778	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК